



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ПІКІРТЕРІМ

2024 жылдың
1-тоқсаны

Кредиттеу туралы банктерде жүргізілген пікіртерім

2024 жылдың 1-тоқсаны

Корпоративтік секторды кредиттеу

Банктердің бағалауы бойынша, кәсіпкерлік субъектілері тарапынан кредитке сұраныс 2024 жылдың 1-тоқсанында негізінен ірі және орта бизнес есебінен біршама өсті. Шағын бизнес тарапынан сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды.

Шағын бизнеске арналған кредиттік өнімдерге сұраныс көбіне мемлекеттік бағдарламалар, атап айтқанда, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» (бұдан әрі – Ұлттық жоба) аясында қаржыландыруды қайта бастау есебінен қолдау тапты (1-сурет). Сонымен қатар, кей банктер 2023 жылдың соңында іске қосылған қарастыру процедуралары жеделдетілген және автоматтандырылған кепілді және кепілсіз скорингтік өнімдердің оң әсерін атап өтті. Өзге орта банк стратегиясының шағын және микробизнесті кредиттеуге қарай қайта қаралуы да осы сегментті несиелеуге оң әсерін тигізді. Бұл ретте жекелеген банктер төлем қабілетсіздігі тәуекелдерін төмендету мақсатында клиенттердің тәуекел-бейініне қойылатын талаптарды қайта қарау салдарынан сұраныстың төмендегенін атап өтті. Осылайша шағын бизнестен түскен кредиттік өтінімдердің жалпы саны тоқсаннан тоқсанға (т/т) 6%-ға ұлғайды және 786 мыңды құрады. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 7%-ға (т/т), 35,3 млн теңгеге дейін төмендеді.

Банктердің пікірінше, орта бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың артуы екі фактордың жиынтығына байланысты: кредиттік ресурстар құнының төмендеуі және Ұлттық жобаның екінші бағыты аясында қаржыландырудың қайта басталуы (2-сурет). Осылайша, бірқатар банк кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетті. Өз кезегінде, жекелеген ірі банктер клиентті көбірек тартып, оларға қызмет көрсету үшін штатты кеңейткенін атап өтті. Сөйтіп, орта бизнестен түскен кредиттік өтінімдердің жалпы саны 7%-ға (т/т), 6,2 мыңға дейін өсті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 2%-ға (т/т), 488 млн теңгеге дейін өсті.

Ірі бизнес тарапынан кредитке сұраныс индексі 1-тоқсанда оң серпінде жалғасты. Бұл банктердің пікірінше, осы сегменттегі субъектілер үшін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі нәтиже көрсетті (2-сурет). Бұл ретте жекелеген орта банктер ірі бизнес үшін өнімдерді ілгерілетуді тоқтата тұру, сондай-ақ клиенттердің бір бөлігін неғұрлым тартымды жағдайлар күту салдарынан сұраныстың біршама төмендегенін атап өтті (4-сурет). Осылайша, ірі бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 6%-ға (т/т), 169-ға дейін төмендеді, ал өтінімдердің орташа мөлшері 15%-ға (т/т), 8,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Ірі және орта бизнес субъектілері үшін кредиттік өтімдерді мақұлдау коэффициенті тиісінше 51% және 39%-ды құрады. Ал шағын бизнес субъектілері үшін бұл көрсеткіш іс жүзінде өзгерген жоқ және 35%-ды құрады. Ірі және орта бизнес бойынша мақұлдау үлесінің төмендеуі, негізінен, сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі аясында есепті тоқсанның соңында түскен клиенттердің белсенді өтімдерінің көбеюіне байланысты.

Банктер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін біршама төмендету есебінен барлық кәсіпкерлік субъектілері үшін кредиттеу шарттарының біршама жұмсартылғанын атап өтті (4-сурет). Алайда, жеке банкте орын алған кепілмен қамтамасыз етуге, қарыздың максималды мөлшеріне, сондай-ақ қосымша комиссияларға қойылатын талаптар сияқты бірқатар басқа шарттардың елеусіз күшейтілгенін атап өткен жөн (3-сурет). Осындай кішігірім қатаңдату үрдісі осы банкте сұраныстың төмендеуіне алып келгенімен, нарықтағы жалпы сұранысқа айтарлықтай әсер еткен жоқ.

2-тоқсанда банктер ірі және орта бизнес субъектілері тарапынан сұраныс одан әрі артады деп күтеді. Себебі банктер несие ресурстарының құны бірте-бірте төмендеп келе жатқан бүгінгі динамикасы жалғасады деп күтеді, олардың болжамы осыған байланысты қалыптасып отыр. Сонымен қатар, жеке банк ірі және орта бизнес клиенттерін белсенді тарту есебінен несие портфелін ұлғайту жоспары барын атап өтті. Өз кезегінде, шағын бизнес тарапынан сұраныс 1-тоқсандағыдай мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыру есебінен қолдау табатын болады. Сонымен қатар, кейбір банктер алдыңғы тоқсандарда іске қосылған скорингтік өнімдерді жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

1-тоқсанның қорытындысы бойынша автокредиттерді қоспағанда, бөлшек сауда өнімдеріне сұраныс өсті.

Ипотекаға деген сұраныс біршама өсу тенденциясын көрсете отырып, орташа есеппен алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды (5-сурет). Жекелеген ірі банктер нарықтық өнімдер бойынша несиелеу шарттарын жеңілдетудің сұранысқа оң әсерін атап өтті (9-сурет). Сонымен қатар, бұл банктер акциялық шарттары бар, соның ішінде өз қызметкерлері үшін арнайы өнімдерді ұсынды. Нәтижесінде ипотекалық қарыздар бойынша өтінімдер саны 1%-ға (т/т), 216 мыңға дейін өсті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 17 млн теңге деңгейінде сақталды.

1-тоқсанда қамтамасыз етілетін тұтынушылық қарыздарға сұраныстың оң серпіні бірқатар банкте қарыздың осы түрін неғұрлым белсенді ілгерілету нәтижесінде қалыптасты. Жеке банктер төмендетілген сыйақы мөлшерлемесінің әсері болғанын атады (9-сурет). Сөйтіп, кредиттеудің осы сегментіндегі кредиттік өтінімдердің жалпы саны 6%-ға (т/т), 38 мыңға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 3%-ға (т/т), 11,5 млн теңгеге дейін өсті.

Банктер белсенді маркетингтік жылжыту салдарынан тұтынушылық кепілсіз қарыздарға сұраныс артқанын атап өтті. Сонымен қатар, жеке ірі банк толыққанды онлайн кредиттеуге көшті. Бұл өтінім беру мүмкіндігін жеңілдетті және келіп түскен өтінімдер санының өсуін қамтамасыз етті. Бұл ретте банктер кредит беру шарттарына елеулі өзгерістер енгізген жоқ. Жалпы келіп түскен өтінімдер саны 10%-ға (т/т), 21,1 млн-ға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 3%-ға (т/т), 893,9 мың теңгеге дейін төмендеді.

Өз кезегінде автокредиттерге сұраныс 1-тоқсанның қорытындысы бойынша аздап төмендеді (5-сурет). Бірқатар банктің пікірінше, мұндай құбылыс серіктес автосалон есебінен ішінара субсидияланатын акциялық өнімдердің аяқталуынан болып отыр. Бұдан басқа, жекелеген орта банктер осы сегменттегі ұсыныстың артуы салдарынан туындауы мүмкін кепіл мүлкі құнының төмендеу тәуекеліне байланысты кредиттеу стратегиясын қайта қарады. Кейбір ірі банктер автокредиттерді ілгерілетуді, соның ішінде серіктестер санын көбейту және маркетингтік акциялар өткізу арқылы жалғастырды. Осылайша автокредиттерге берілген өтінім саны 2%-ға (т/т), 903 мыңға дейін қысқарды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 5%-ға (т/т), 6,8 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Ипотекалық өнімдерді мақұлдау коэффициенті алдыңғы тоқсанда шамамен 33% деңгейінде сақталды. Өз кезегінде, банктердің кепілсіз қарыздар мен автокредиттер беруге дайындығы 2%-ға (тиісінше 27%-ға және 17%-ға дейін) төмендеді. Ал қамтамасыз етумен тұтынушылық кредиттер бойынша мақұлдау үлесі 3%-ға өсіп, 39%-ды құрады. Кепілсіз

тұтынушылық несиелер мен автокредиттер бойынша мақұлдау коэффициентінің төмендеуін банктер клиенттердің тәуекел профиліне қойылатын талаптарды біршама қатаңдату, сондай-ақ белгілі бір өнімдер бойынша максималды мерзімді қысқарту есебінен өтінімді қарастырудың неғұрлым консервативті тәсілімен байланыстырады (8-сурет). Сонымен қатар, банктер борыштық жүктеме коэффициентін (БЖК) қолдану периметрін кеңейтуге байланысты қамтамасыз етумен бөлшек кредиттер бойынша мақұлдау үлесінің одан әрі төмендеуін күтеді.

2-тоқсанда банктер бөлшек несие өнімдерінің барлық түріне сұраныс біршама төмендейді деп күтеді. Негізінен БЖК бойынша реттеу талаптарын қатаңдату себебінен (5-сурет). Оған қарамастан жекелеген банктер кепілсіз қарыздарға сұраныс артады деп күтеді.

Зерттеу бойынша жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсынысқа деген өзгерісті бағалау мақсатында банктерге кредиттеу туралы пікіртерімді тоқсан сайын жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейіннен сұхбат алу арқылы барлық банкте пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды білдіреді:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = біршама азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = біршама ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса – 100%-дан бастап, егер банктер «шамалы айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса – 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні – өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқынын, теріс мәні – төмендегенін (қатаңдағанын) білдіреді. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдерге қатысты сұрақтар қосылды (№21, 22, 23-сұрақтар). Түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді және зерттеу жүргізу барысында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұраныс



(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюуына белгісі болады.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары




(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.

5-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюуына белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (a) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 №15 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.